

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 15 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 28 ақпан N 257. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.28. N 1462 қаулысымен. ~P991462

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 2606 U952606\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Әскери қызметшілердің, әскери жиынға шақырылған азаматтардың, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке өзін мемлекеттік сақтандыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 15 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 1, 6-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

### 3 - т а р м а қ т а :

"а)" тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының жұмысшылары мен қызметшілерінің он жылдық ең төменгі жалақысының сомасы" деген сөздер " республикалық бюджетте жыл сайын есепті белгіленетін есепті көрсеткішінің 500 еселенген шамасына тең мөлшерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

" ә ) " т а р м а қ ш а с ы н д а :

екінші абзацтағы "ең төменгі жалақысының бес жылдық сомасы" деген сөздер "республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 250 еселенген шамасына тең мөлшерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "ең төменгі жалақысының үш жылдық сомасы" деген сөздер "республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 150 еселенген шамасына тең мөлшерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "ең төменгі жалақысының бір жылдық сомасы" деген сөздер "республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 50 еселенген шамасына тең мөлшерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"б)" тармақшасындағы "ең төменгі жалақысының үш айлық сомасы", "ең төменгі жалақысының бір айлық сомасы" деген сөздер "республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 12 еселенген шамасына тең мөлшерде", "республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті

көрсеткішінің 4 еселенген шамасына тең мөлшерде" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н .

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК